

## Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы

### ***Күшін жойған***

Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 қантардағы № 20-6 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 ақпанда № 3696 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 23-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 14.12.2022 № 23-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық мәслихатының өнеркәсіп салаларын, құрылышты, энергетиканы, көлікті, байланыс пен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың

сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың

хатшысы

M.Ескендеріров

Б.Карашолақов

Жамбыл облыстық мәслихатының

2018 жылғы "25" қантардағы

№20-6 шешіміне қосымша

## Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

№	Елді мекендердің атауы	Қатынас
1.	Жаңатас қаласы	Орталық базар- Шоқай Датқа

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК